

Шымкент қаласы физика-математика бағыты
Назарбаев Зияткерлік мектептері

Пәні: география

Сыныбы: 9

Пәні мұғалімі: Есенов Т.Қ.



Сабақ тақырыбы: Дамушы елдердің табыстылығына араласу мәселелері

Оқу мақсаты:

Дамушы елдердің табыстылығына араласу мәселелерінің себептері мен айғақтары

Жетістік критерийі

Талдау;

Дамушы елдердің даму көрсеткішін талдай алады.

Сыни ойлау;


Дамушы елдердің дамуын тежеу болатын себептерді анықтап, оған негіздемелер бере алады.

Өткенге шолу

1. ҚР туралы 2012 жылғы экономикалық болжамдар бойынша 2018 жылғы табыс мөлшері?
2. ЖІӨ мен ЖҰӨ-ның айырмашылығын анықтаңыз?
3. Әлем бойынша орташа табыс көрсеткіші қанша?
4. ЖҰӨ ең жоғары Қытайдың дамыған елдер тізімінде болмауының себебі?
5. Өтпелі экономикалық елдер мен дамушы елдердің географиялық орналасуына сипаттама беріңіз?
6. ЖІӨ-ге қандай табыс түрлері кіретіндігіне мысалдар келтіріңіз?
7. Көлеңкелі экономика ЖІӨ-ге ме, әлде ЖҰӨ-ге кіре ме? Түсінік беріңіз?
8. Тұрақты экономикалық дамуға әсер етуші факторларды атаңыз? ҚР экономикасы қаншалықты тұрақты дамуда?

"Дамушы елдер" терминін халықаралық қолданысқа 1960-шы жылдары аргентиналық экономист Р. Пербиш енгізді.

Экономикасы нашар дамыған елдерді «**Үшінші әлем**» деп атайды.



Дамушы елдердің артта қалушылығының 2 аспектісі

Жалпы тарихи

- отарлық;
- жүйесіз басқару;
- этникалық;
-
-
-

Қазіргі заманғы

- табыс мөлшері;
- әділетсіз сауда;
- жүйелі басқару;
-
-
-

Дамушы елдердің артта қалушылығына әсер етуші факторлар

- Кері экономикалық құрылым;
- Өндіргіш күштердің төмен деңгейі;
- Аграрлық сипатта дамуы;
- Шикізат өндіруші ел;
- Отарлық жүйені басынан өткізген;
- Экономикалық тәуелділік;
- Валюталық тұрақсыздық;
- Табиғи ресурстардың шашыраңқылығы;
- Климаттық қоласыздық;
- Рельефтік кедергілер;
- Саяси тұрақсыздық;
- Географиялық орналасуы.



Дамыған және дамушы елдер арасындағы сауда қарым-қатынасы

XXI ғасырдың басына қарай дүниежүзілік тауар айналымының 73%-ы Батыс Еуропа мен Азия елдеріне, ал Солтүстік Америка үлесіне 14%-ы тиесілі болды. Өтпелі экономика тән бұрынғы социалистік елдердің үлесі бар болғаны 5%-ды құрады. Қалғандары Африка, Латын Америкасы және т.б. аймақтарға тиесілі. Дүниежүзілік тауар айналымында Азияның жаңа индустриялық елдерінің үлесі артып келеді, оларға әлемдік экспорттың 10%-ға жуығы тиесілі.

XX ғасырдың соңына қарай дүниежүзілік сыртқы саудада дамыған 25 ел жетекші орын алды. Оларға әлемдік экспорттың 84%-ы, импорттың 82%-ы тиесілі болды.

Сауда қарым-қатынасы (бейне баян)

Дамушы елдердің артта қалушылығын жеңіп шығу әлі де өте-мөте өзекті міндет болып отыр. Оны шешудің басты жолдары тұрмыс пен қызметтің барлық саласында түбегейлі әлеуметтік-экономикалық қайта жаңғыртулар жүргізуде, ғылыми-техникалық прогрессті халықаралық ынтымақты дамытуда, қарусыздандыру болмақ



Дамуға не кедергі болады?

Кейбір мемлекеттер табиғи ресурстар есебінен, енді біреулері халқының көп болуына байланысты әскерінің үлкендігінен ұтып отырған. Тарих бойынша, Британ империясының гүлденуі және Африка мен Оңтүстік Американың көп бөлігінің колонияға айналуы қазірге дейін өткен колониялық державаның қалдық мұрасын сақтап қалған. Кейбір елдерде әділ сайлау өткізуге кедергі болатын көшбасшылар көптеген жылдар бойы билік етіп келеді. Бұл жағдайда халықтың ақшасының көп бөлігі әділ бөлінбеуі мүмкін. Сонымен бірге, климат пен кейбір аудандардағы қауіпті табиғи құбылыстардың таралуы табиғи және экологиялық кедергілерге байланысты да болуы мүмкін.

Көмектің көрсетілуі жергілікті нарыққа теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, азық-түлік көмегі жергілікті азыққа деген сұранысты азайтуы ықтимал. Сонымен қатар, қажеттілікті азайтудың ұзақ мерзімдік шешімін табуға қарағанда, көмектің келуіне тәуелділіктің нақты деңгейі болуы да мүмкін.

Дамушы елдердің артта қалушылығына әсер етуші факторларды талдау

физикалық-географиялық ерекшеліктері: **I ТОП**

- Рельефтік қиындықтар;
- Климаттық қолайсыздықтар;
- Табиғат ресурстарының шашыранқылығы;
- Географиялық шалғайлылығы.

экономикалық ерекшеліктері: **II ТОП**

- Өндіргіш күштердің төмендігі;
- Жан басына шаққандағы табыстың төмендігі;
- Жүйесіз экономикалық даму;
- Әділетсіз сауда.

Дамушы елдердің артта қалушылығына әсер етуші факторларды талдау

Әлеуметтік ерекшеліктері:

III ТОП

- Өмір жасының төмендігі;
- Медицинаның нашар дамуы;
- Тамақтанудың төмендігі;
- Сауатсыздық.

Саяси ерекшеліктері:

IV ТОП

- Тұрақты саяси қолдаудың жоқтығы;
- Елдер аралық, елдер ішілік саяси жанжалдар;
- Әлемдік саяси ұйымдар тарапынан назар аударылмау;
- Дамыған елдер тарапынан ұйымдастырылатын түрлі тәртіпсіздіктер.

Оқушылар осы пайымдауды пайдалана отырып, олардың дамуы неліктен тежеліп жатқандығының физикалық, экономикалық, әлеуметтік және саяси себептерін ұсыну керек. Әр топтың баяндамашысы өз ұсыныстарын бүкіл сыныпқа жариялау керек.



СҰРАҚТАР

1. Қазіргі эконом-географтардың зерттеуінше 1960 ж. ж. өз тәуелсіздіктерін алған Африка елдерінің сол кездегі әлеуметтік жағдайынан қазіргі кездегі әлеуметтік жағдайларының қиын екендігі тілге тиек етіледі. Бұл пікірге қосыласыз ба?

Сұрақ: Оған қандай жағдайлар әсер етуі мүмкін?

2. «Үшінші әлем» елдеріне экономикасы дамыған елдер тарапынан көмек беру, олардың экономикалық жағдайын жақсартуға байланысты жұмыстар тек сөз жүзінде жүзеге асырылады.

Сұрақ: Дамыған елдер неліктен дамуш елдерге көмек көрсетуге мүдделі емес?

Сіз не істер едіңіз?

Сізде пайда көру мақсатында өнеркәсіп саласына 1 млрд.АҚШ доллары көлемінде инвестиция салу мүмкіншілігі бар. Алдыңызда 2 таңдау тұр:

- 1) дамыған ел;
- 2) дамушы ел;

Сіз қай елге инвестиция салған болар едіңіз?
Себебін түсіндіріңіз.

Үйге тапсырма:

1. Кедей елдердің артта қалушылығын жою мақсатында қандай жұмыстар атқаруға болатындығын презентация түрінде көрсетіңіз.

2. Кедейшіліктің жойылуының 2 артықшылығы мен 2 кемшілігін дәлелдер арқылы анықтап, ұсыныңыз.

БАҒАЛАУ

КЕРІ БАЙЛАНЫС